КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 28 қазан № 1013-24-00-2/2341 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«SMART-SIMBAT» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «SMART-SIMBAT» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«SMART-SIMBAT» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SMART-SIMBAT» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 29.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 04.12.2024, судья Ергалиева А. Т., 04.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 29.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 04.12.2024, судья Ергалиева А. Т., 04.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство